

# QOLDA 4.0

Жедел көмек бағдарламасы  
Сәуір, 2022 | #31 шығарылым



«QOLDA» жедел көмек бағдарламасының төртінші кезеңінің ҮЕҰ-дары өз жобаларын іске асыруға кірісті. Есіңізге сала кетейік, Орталық Азияның Еуразия Қоры «Шеврон» компаниясымен серіктестікте 2022 жылғы 8 ақпанда «QOLDA» жедел көмек бағдарламасының төртінші кезеңін іске қосты. Бағдарламаның төртінші кезеңі азаматтық қоғамның төтенше және дағдарыс жағдайларға инновациялық және тиімді әрекет ету қабілетін цифрлық технологиялар мен адвокацияны қолдана отырып арттыруға жәрдемдесуге бағытталған. Жеңімпаздар жобаларының тұжырымдамаларымен біз сізді алдыңғы Newsletter-де таныстырдық. Бұл шығарылымда 2022 жылғы сәуір айындағы жоба басталғаннан кейінгі ҮЕҰ жұмысының алғашқы қорытындылары ұсынылған.

# «Арғымақ» әлеуметтік даму қоры» ҚҚ

Есепті кезеңде «Жаңа Белес» жобасы бойынша қызмет алушыларды қабылдау және оларға консультация беру үшін нетворкиң-аймақ дайындалды. Электрондық сауда алаңдарын пайдалану бойынша оқыту курстарына жаңа бастаған кәсіпкерлерді тарту үшін «Qolday» кәсіпкерлік орталығымен, жетекші сарапшылармен және бизнес-жаттықтырушылармен ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін Kaspi.kz және Wildberries электрондық сауда алаңдары бойынша онлайн және офлайн трениңдер өткізілді. Трениңдерде қатысушылар сатылатын тауарлар бойынша контент құру процесі, бизнес стартаптардың жеке кабинеттерін толтыру және баптау бойынша мәселелерді талқылады. Тауарларға арналған штрих-кодтарды басып шығару үшін принтермен жұмыс істеу бойынша мастер-класс өткізілді. Принтер іске асырылып жатқан грант аясында сатып алынды. Трениң бойынша өзекті ақпарат [qolday.kz](http://qolday.kz) ресми сайтында және қордың Instagram-дағы [@argymak\\_fund](https://www.instagram.com/argymak_fund) аккаунтында жарияланады.

Жобаның қамтылу аясы:

Алматы қ.



# «Қорған-М» ҚБ

Сәуірде команда мүгедектігі бар адамдарға толерантты көзқарас пен эмпатияны дамыту бойынша тақырыптық мультфильмдер, презентациялар, теориялық сабақтар мен практикалық тапсырмаларды қамтитын оқушыларға арналған инклюзивті оқыту бойынша бағдарлама әзірледі. Бұл оқу бағдарламасы мен сабақ кестесі 16 оқу орнының әкімшілігімен келісілген. Балаларға инклюзивті білім беру бойынша сабақтар өткізу жобасының еріктілерін оқыту бойынша семинар-трениң өткізілді. Команда Түркістан облысындағы Сайрам ауданының 8 мектебінің әкімшілігімен кездесулер және осы мектептердің оқушылары арасында инклюзивті білім беру бойынша сабақтар өткізді. Мамырда әлеуметтік желілерде өткізілген іс-шаралардың қорытындысы және 2025 жылға дейінгі мүгедектігі бар адамдарды қолдаудың ұлттық бағдарламасы бойынша жарияланымдар жоспарланып жатыр. Сондай-ақ, «Тең қоғам» тақырыбында әлеуметтік бейнеролик шығарылады.



Жобаның қамтылу аясы:  
Шымкент қ.

*«Көптеген адам үшін инклюзия мүгедектігі бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқытуды ұсынумен шектеледі. Бірақ іс жүзінде инклюзия – мүгедектігі бар адамдар үшін қоғам өміріне тең дәрежеде қатысу мүмкіндігі. Инклюзия адам өмірінің барлық аспектісін қамтиды. Мысалы, инклюзивті мектеп – бұл инклюзивті қоғамның кең ұғымындағы маңызды, бірақ салыстырмалы түрде кішкентай элемент. Оқытудан басқа, инклюзивті қоғам еңбек нарығына, көлікке, қоғамдық мекемелерге, бос уақытқа тең қолжетімділікті білдіреді»,*

- «Қорған-М» ҚБ төрайымы Диана Қырғызбаева

# «Сенім-Тірек» ҚБ

Өткен кезеңде команда «Ақтөбе облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ өкілдерімен жобаны талқылады. Екі тараптың қызметкерлері де азаматтық қоғамдағы оң өзгерістер бойынша ынтымақтастық пен топтық жұмысқа мүдделі. Серіктестермен онлайн кездесулер сенімді байланыс орнатуда өзінің тиімділігін көрсетті.

Команда Ақтөбе облысындағы денсаулық сақтау субъектілерінде денсаулық сақтау қызметкерлерінің лайықты төлемге және еңбек жағдайларына құқықтарының бұзылуы бойынша деректерді бағалайтын сауалнама әзірледі. Сауалнама жүргізуге және шығу кестелерін әзірлеуге жәрдемдесу туралы хаттар аудандық денсаулық сақтау объектілеріне жіберілді. Бұған қоса, ұйымның Instagram аккаунтында алғашқы жарияланымдары жарияланды.

**Жобаның қамтылу аясы:**  
**Республикалық маңызы бар жоба**



## «ЭМИР» ҚҚ

Команда Өскемен қаласындағы қоқыс мәселесі бойынша азаматтардың өтініштеріне арналған құралға айналатын «Таза қала» порталының тұжырымдамасын әзірледі. Бағдарламаны әзірлеушілерімен бірге жобаның атауы, веб-платформаның логотипі мен дизайны талқыланды. Есептік кезеңде сайт құрылымы анықталды, сайт парақтарының дизайны мен контенті әзірленді. Басты беттің логотипі таңдалды. Жоба аясында жүргізілетін іс-шара тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша жұмыс жалғасып жатыр.

**Жобаның қамтылу аясы:**

Өскемен қ.

## «ЭКОМ» ҚБ

Есепті кезеңде ағаш екпелерінің тіршілік жағдайы туралы ғылыми зерттеулерге талдау жүргізілді. Ағаштардың тіршілік жағдайын бағалау әдістемесін жасауға тәжірибелі сарапшылар: экологтар, биологтар және Торайғыров университетінің өкілдері тартылды. Әдістеменің негізгі элементі – оның қызмет саласына қарамастан қолжетімді болуы. Әдістеменің негізін құрайтын құжаттар нұсқаулық материалдарды жақсарту үшін мониторинг жасайтын топтың болашақ мүшелерінде сыналды.

**Жобаның қамтылу аясы:**

Павлодар қ.

# «Отбасы хрестоматиясы» ҚҚ

Ecoinfo.kz ақпараттық экологиялық ағарту порталының сайты жұмысын 2022 жылғы 1 сәуірде қайта бастады. 2 журналист, 1 SMM маманы және 1 техникалық маман жұмысқа қабылданды. Сайттың техникалық қателері жойылуда. Сәуір айының басынан бастап экологиялық білім туралы барлығы 8 мақала мен 1 сұхбат жарияланды. Мамырда жоба сайтында жаңа «Экосақшы» айдары пайда болады. Сайтқа трафикті арттыру үшін Facebook пен Instagram-да таргет жарнаманы іске қосу жоспарланып жатыр.

Жобаның қамтылу аясы:  
Республикалық маңызы бар жоба



# «Үміт-Надежда» ҚБ

Есептік кезеңде жоба туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді: «Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не, «Қостанай қаласы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» ММ-не, Қостанай облысының Азаматтық альянсына, «Қостанай мүгедектер ерікті қалалық қоғамы» ҚБ-не, «Радуга» ҚБ және «Ритм» ҚБ-не хаттар жіберілді.



«SMM менеджмент» курсы бойынша оқыту 2022 жылғы 18 сәуірде басталды, «Маркетинг негіздері», «Әлеуметтік желілердегі маркетинг», «Әлеуметтік желілерге посттарды қалай жазу керек», «Instagram және оның функцияларымен танысу», «Instagram-да кәсіби бизнес аккаунт құру», «Instagram-да жарнамалық посттар құру» тақырыптары бойынша барлығы 6 теориялық тренинг өткізілді. Оған қоса, онлайн форматта практикалық сабақтар өткізіледі, барлық қатысушылар үшін үлестірме материалдар дайындалды. Компьютерлік сыныптарда оқыту офлайн режимінде өткізілуде.

**Жобаның қамтылу аясы:**

**Қостанай қ.**

*«Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру кезінде біз осы мақсатты аудиторияның көптеген адамдарына компьютерлік сауаттылық саласында білім жетіспейді деген проблемаға тап болдық. Осыған байланысты қазір сәтті жүзеге асырып жатқан осындай жобаны жазу идеясы ойға келді»,*

*- «Үміт-Надежда» ҚБ төрағасының орынбасары Аруна Жақсағұлова*

## «Ардос Жүрек» МҚБ

Команда өңірлік білім басқармалары тарапынан ақпараттық қолдау көрсету үшін жобаның басталуы туралы Білім және ғылым министрлігіне хат жолдады. «Маған өзіңе тең адам ретінде қара» тақырыбында оқыту трениндерін өткізу Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының 10 білім беру мекемесінде жоспарланған. 15 сәуірде М. Жұмабаев атындағы колледжде инклюзивті білім беру және оның принциптері туралы алғашқы трениң өткізілді. 26 сәуірде №2 Бескөл мектеп-гимназиясында инклюзивті трениң өткізілді, жоюа командасы мектеп-гимназия жанындағы инклюзивті білім беру кабинетін көріп қайтты. 27 сәуірде №1 Смирнов мектеп-гимназиясында инклюзивті трениң өткізілді. Оқушылар инклюзивті білім беру туралы біліп, мүгедектігі бар адамдарға ситуациялық көмек көрсетуде жаттықты. Ұйым өкілдері «Инклюзивті білім беруді басқару: заманауи мектептің болмысы» атты республикалық уоркшопқа қатысты.

Жобаның қамтылу аясы:  
Республикалық маңызы бар  
жоба





## «Urban Forum Kazakhstan» ҚК

Есепті кезеңде Атырау қаласының аумағына бастапқы талдау жүргізілді: қала карталарында жасыл аймақ ретінде белгіленген 70-тен астам нүкте анықталды. Команда осы нүктелерді тексеретін волонтерлер штабын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Деректерді талдау және ақпараттық схемаларды құру міндеттеріне кіретін маманды іздеу жүргізілуде. Қордың Instagram-дағы аккаунты үшін жарияланымдардың контент-жоспары әзірленді.

Жобаның қамтылу аясы:  
Атырау қ.

## «Әлеуметтік-экологиялық қор» ҚК

7 сәуірде ұлттық парктер мәселелеріне жетекшілік ететін экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлия Шалабековамен кездесу өтті. Жобаны ұлттық парктер мен қорықтарда іске асыру және ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Нұрлан Қылышбаевпен кездесу өтті, онда ұлттық саябақтардағы туристік және рекреациялық қызметке рұқсат беру жүйесі бойынша заңнаманы өзгерту ұсыныстары талқыланды. Жоба сарапшысы Вадим Ни өзгерістерді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды. Команда әзірленген өзгерістерді Парламент 2023 жылдың ішінде «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға қабылдайды деп күтеді. Жоба сарапшыларымен келісімдер жасалды. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (ЕҚТА) бару қағидаларына» өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс басталды. ҚР ЭГТРМ-мен 2022 жылғы мамырдың аяғында Нұр-Сұлтан қаласында «ЕҚТА-ға бару ережелеріне» түзетулерді талқылау бойынша жұмыс тобының жиналысын өткізу туралы келіссөз жүргізіліп жатыр. Команда ұлттық парктер мен қорықтарға барған кезде экологиялық жауапты мінез-құлық туралы көрнекі жадынамаларды жасап жатыр.

Жобаның қамтылу аясы:  
Республикалық маңызы бар жоба

# “Qolda 4.0” жобасы аясында БАҚ жарияланымдары

<https://optimism.kz/2022/04/25/na-puti-k-chistoj-ekologii/>

## На пути к чистой экологии

by **Амин Абдулманов** — 25.04.2022 in Добро с Chevron



Фото: livingasia.online

Как-то раз я случайно услышал разговор двух иностранцев, приехавших в Алматы. Они пили кофе и разговаривали на английском языке. Один из них сказал: «Алматы – идеальный город, но жаль, что с экологией тут плохо». Второй, согласившись, кивнул. А я задумался.

А ведь тот парень был прав. Проблема экологии портит впечатления иностранцев, ухудшает нашу жизнь и плохо влияет на здоровье наших детей. И ведь это нужно решать сейчас. Откладывать нельзя, потому что будущее поколение может пострадать.

Поэтому мы решили узнать у экспертов, как они борются с этой проблемой. Корреспондент **Optimism.kz** поговорил с Вадимом Ни, который является членом Попечительского совета ОФ «Социально-экологический фонд» (СЭФ). Совсем недавно фонд стал победителем гранта в рамках проекта «Qolda», разработанного Фондом Евразия Центральной Азии в партнерстве с компанией «Шеврон».

<https://aarhus-pavlodar.kz/kategorii-nasazhdenij-v-rk/>

С индивидуальными можно ознакомиться в карусели публикации. Также, более подробно можно ознакомиться в СП РК 3.01-105-2013. Благоустройство территорий населенных пунктов.



П.Б.Байжиев, руководитель филиала «Астана» в Республике Казахстан, «Астана» и Алматы, Ереван

<https://drive.google.com/file/d/1iunC2MgceukX9RIpHYxUrjAN0KhcNn9h/>



[https://drive.google.com/file/d/1f7BTr\\_gCC8ok7YTkG1h1a-LmaB2Rc608/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1f7BTr_gCC8ok7YTkG1h1a-LmaB2Rc608/view?usp=sharing)



<https://drive.google.com/file/d/1uzXrPf6iVNr7cUmVPa4QefH178PXgW05/view?usp=sharing>



ШӘБІРЛІК ҚАЗАҚСТАН

АЛАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Жаңа жобаның берері мол

Әлеу АЛМАШ

«Үміт Нұрғали» ерек ақпарат қорының мүдделі бір жобаларына жетіле қатынап отырғанын білдіретін «Әрбір IT-адамның өзіне Мәжіліс - оқиды. IT-технологияларды қолдану арқылы, әсіресе, тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз етуге қол жеткізілетіндігі жөніндегі «Әрбір IT-адамның өзіне Мәжіліс - оқиды» деген жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.



IT-адамдар ұйымдарымен бірігіп ММӨЖ жобасын іске асыруға қол жеткізілетіндігі жөніндегі «Әрбір IT-адамның өзіне Мәжіліс - оқиды» деген жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.



Суретші түсіріп алған.



Каникул қашан?

ҚР Басқа және елшілік мәжілісіндегі «Құрметті ақпарат» 2021-2022 оқу жылы 25 мамырда аяқталды. Жалпы ұзындығы 10 жеті күнді құрайтын бұл мерекелік каникулдың басындағы бірінші күні 25 мамыр болды.

Сонымен бірге жылдам өсетін жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Жаңа жобаның берері мол. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

ЖАНАСАРАҚОВЫ



Қызметіне қайта кірісті

Елдегі негізгі шаруашылық қызметіне қайта кірісті. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

ЖАНАСАРАҚОВЫ



Асы қалам дәмхана

Қасиетті Рамазан айының алғашқы жұмысында Қостанай қаласында орналасқан «Zam-Zam» дәмханасының ұжымы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Халық Даму» сертификатына ие болды.

Жылдың басындағы алғашқы жұмысында Қостанай қаласында орналасқан «Zam-Zam» дәмханасының ұжымы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Халық Даму» сертификатына ие болды.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

А.ЖАНАШ

НӘСІРІННІ

Айтыс өтегі

Қостанайда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және Балалар жолына арналған «Жас туғар» облыстық оқушылар айтысы өтеді. Аятыс А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде болады.

Айтыс өтегі. А.ЖАНАШ

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.

Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор. Бұл жобаның маңызы зор.



**Жоба:** [www.qolda.org](http://www.qolda.org) / [t.me/Qolda\\_project](https://t.me/Qolda_project)

**Шеврон компаниясы:** [www.chevron.com/](http://www.chevron.com/)

**ОАЕК:** <http://ef-ca.kz/>

**Байланыс:** [Aliya@ef-ca.org](mailto:Aliya@ef-ca.org)  
[Aizhan@ef-ca.org](mailto:Aizhan@ef-ca.org)